



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Құстар – Aves

Отряд: Тырнатәрізділер - Gruiformes

Тұқымдасы: Сутартарлар тұқымдасы-Rallidae

Туысы: Қасқалдақ–Fulica

Түр: Кәдімгі қасқалдақ- Fulica atra

Қасқалдақ

(лат.*Fulicaatra*) тырнатәрізділер отрядының сутартарлар тұқымдасына жататын құс. Дене тұрқы 40 см-дей.Басқа құстардан ерекшелігі - маңдайында ақ тері қатпары болады (аталуы осыдан).Аяғы қысқа, башайларында жапырақ тәрізді тері қатпарлары бар. Қанаттары қысқа (19-23 см), ұшқанда суды қанаттарымен сабалап ауыр көтеріледі, ұзаққа ұша алмайды. Жаксы жүзеді, құрлыққа көп шықпайды, өте сирек сүнгиді.Ересек құстардың бас, мойын және құйрықасты қауырсындарының түсі қара, арқасы жылтыр қара сұр, бауыры жылтыр сұр.Мекиенінің салмағы 500-700 г, қоразы ірілеу, 600-900 г-дай болады.

Таралуы:

Қазақстанда сусыз шөлдерден басқа аймақтарда жаппайкездеседі. Қысқа қарай Каспий, Жерорта теңіздері, Алдыңғы және Оңтүстік Азия.

Биоценоздаалатын орны: Еті дәмді, күзге қарай семіреді. Қасқалдақтың саны өте көп



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Бауырымен жорғалаушылар-Reptilia

Отряд: Тасбақалар -Testudines

Тұқымдасы: Құрлық тасбақасы-Testudinidae

Туысы: Дала тасбақасы-Testudo

Түр: Кәдімгі дала тасбақасы-Testudo horsfieldii

Дала тасбақасы (лат. *Testudo horsfieldii*) – құрлық тасбақалары тұқымдасына жататын бауырымен жорғалаушы. Карапакс, яғни, арқа сауыты 29 см, жалпы бауыр сауытын пластрон деп атайды. Аталығы аналығынан кішірек және арқа сауыты дөңесті, ұзындау құйрықты болады. Дала тасбақасы тіршілік қамын қатаң күндіз жасайды. Ыстық күндері таңертең және кешкі ымырт кезінде ғана жайылады. Ыстықта өсімдіктер түбіне, кеміргіштердің ініне тығылады. Тасбақа, негізінен, көпжылдық шөптер мен түрлі өсімдіктердің балаусасымен қоректенеді, кейде қоңыздар мен бүйілерді де қорегіне жаратады.

Таралуы:Қазақстанда бұл тасбақа Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігінде Ақтоғай станцасы орналасқан Балқаштың солтүстік-шығыс жағалауына дейінгі аймақта кездеседі.

Биоценозда алатын орны: Кәсіптік маңызы бар, Батыс Еуропа елдерінде тағам ретінде пайдаланылады.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Сүтқоректілер-Mammalia

Отряд: Жүптұяқтылар -Artiodactyla

Тұқымдасы: Бұғылар-Cervidae

Туысы: Елік -Capreolus

Түр:Елік-Capreolus pygargus

Елік (лат. *Capreolus pygargus*) – бұғылар тұқымдасына жататын жүптұяқты, сүтқоректі жануар. Дене тұрқы 120 – 160 см, шоқтығына дейінгі биіктігі 75 – 100 см, салмағы 30 – 55 кг. Құйрығы өте қысқа. Ешкісі мүйізсіз, текесінің наурыз – мамырда толық жетіліп, қараша – желтоқсанда түсетін 3 – 5 ашалы мүйізі (25 – 40 см) болады. Аяқтары жіңішке әрі ұзын. Қыста түгінің түсі қоңырқай сұр, жазда жирен, жас лақтарының түгінде ашық түсті теңбіл дақтары болады. Жеміс-жидек, мүк, қына және шөптесін өсімдіктердің жүзге жуық түрімен қоректенеді. Жазда жеке-жеке, ал басқа кезде топталып жүреді. Бір жарым жасында лақтайды. Шілде – тамыздан бастап 9 ай көтеріп 1 – 2, кейде 3 лақтан туады. Лақтарын 6 – 8 ай сүтімен қоректендіреді. Ешкісі 11 – 12, текесі 16 жылдай тіршілік етеді.

Таралуы:ЕлікТалас, Іле, Жетісу (Жоңғар) Алатауында, Батыс және Орталық Тянь-Шаньда, Қаратауда, Тарбағатайда, Сауырда және Оңтүстік Алтайда кездеседі.

Биоценозда алатын орны: Еті мен терісі үшін арнайы рұқсатпен ауланады. Кәсіптік маңызы бар.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Қосмекенділер – Amphibia

Отряд: Құйрықсыз қосмекенділер – Anura

Тұқымдасы: Нағыз бақалар – Ranidae

Туысы: Жасыл бақалар – Pelophylax

Түр: Көлбақа - Pelophylax ridibundus

Көлбақа (лат. Pelophylax ridibundus) – құйрықсыздар отряды бақа тұқымдасына жататын түр. Бақалардың ішіндегі ең ірісі, ұзындығы 6-13 см-ге дейін жетеді. Салмағы – 200 грамға дейін жетеді. Қоңырқай, жасыл түсті келеді, үстінде күңгірт дақтары болады. Тістері үстіңгі жақ сүйектерінде ғана бар. Тілінің ұшы бос және екі айырылған. Көбінесе суда тіршілік ететіндіктен артқы аяғының жүзу жарғағы жақсы жетілген. Кейде судан жағалауға қоректену үшін шығады. Қорегін ұзын тілімен аулайды.

Таралуы: Орманды, дала мен шөлейт жердегі су қоймаларында және ағысы жылдам өзендерде мекендейді. Қазақстанда негізгі таралу аймағы Орал–Ырғыз–Торғай су айдыны мен Балқаш – Алакөл аралығы болып саналады.

Биоценозда алатын орны: Көлбақаның итшабақтары биоценозда (энергия тасымалдаушы) үлкен рөл атқарады, еті кейбір елдерде (мысалы, Францияда, Қытайда, т.б.) тағам ретінде пайдаланылады.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Топ: Сүйекті балықтар – Osteichthyes

Класс: Сәулеқанаттылар – Actinopterygii

Отряд: Карптәрізділер – Cypriniformes

Тұқымдасы: Карптылар – Cyprinidae

Туысы: Карптар – Cyprinus

Түр: Кәдімгі мөңке - *Carassius carassius*

Мөңке (лат.*Carassius carassius*) — тұқы тұқымдасына жататын балық. Өзен, көл тартылғанда, не су қатқанда 70 см-ге дейін су түбіндегі лайға көміліп, қатты суықтан не ыстықтан сақтанады. Ұзындығы 35 – 38 см-дей, салмағы 2 кг-дай. Мөңкенің бүйірі алтын сияқты сары түсті, жүзбе қанаттары қызыл-қоңыр, ал арқасы қара түсті болады. Қабыршағы тегіс. Жыныстық жағынан аналығы 3 – 4, аталығы 2 – 3 жасында жетіледі. Уылдырығын (300 мыңдай) мамыр – маусым айларында су температурасы 17 – 18 °С болғанда су түбіндегі шөп арасына шашады. Бұлар негізінен зоопланктонмен, зообентоспен және өлексемен (детритпен) қоректенеді. Қорек ретінде өсімдікті сирек пайдаланады. Мөңкенің кәсіптік маңызы бар

Таралуы

Қазақстанда Жайық, Жем, Ырғыз, Торғай, Нұра, Ертіс өзендерінің су алабында кездеседі.

Қолданылуы

Кәсіптік маңызы бар балық, қақталған, тұздалған, ысталған, жас түрінде тағамға пайдаланылады